






18 сабақ тапсырмалары.

№1. Дәптерге қыры 2 см кубтың жазбасын салыңыз. Жазба бойынша берілген кубтың бетінің ауданын табыңыз.



№2. Тік бұрышты параллелепипедтің барлық қырларының қосындысы кубтың барлық қырларының қосындысына тең. Тік бұрышты параллелепипедтің өлшемдері 13 см, 8 см және 6 см. Кубтың көлемін табыңыз.

№3. Қыры 15 см кубтың қаңқасын дайындау үшін ұзындығы неше метр және сантиметр сым керек?

№4. Суретте кескінделген фигуралардың қайсысы кубтың жазбасы болады?






№5.




9.9, а – суретте кубтың (9.9, ә – сурет) жазбасы кескінделген. Егер жазбаны ойша бүктеп, куб құрастырсақ:

- 1) жазбадағы D, E, K, L нүктелері қай нүктелермен беттеседі?
- 2) жазбаның DE қабырғасы қай қабырғамен беттесіп, кубтың қырын құрайды?

№6. №1, №2, №3 кубтардың қайсысы суретте көрсетілген жолақ қағаздан дайындалған?




№7. Суретте кескінделген жазбаны ойша бүктеп, куб құрастырғанда, боялған (2) жағы оның төменгі жағы болса, қай жағы жоғарғы жағы болады?





№8. Текшенің қырының ұзындығы 2 см. Текшенің барлық жақтарының ауданын табыңыз.

2




№9. Текшенің бір жағының ауданы 49 см^2 . Текшенің көлемін табыңыз.

№10. Текшенің көлемі 27 см^3 . Текшенің жағыцы, яғни ABCD шаршысының ауданын табыңыз.




20 сабақ тапсырмалары.

№1. Егер ABCD тіктөртбұрышының ұзындығы 16 см, ені 4 см болса, боялған үшбұрышының ауданын табыңыз.



№2. Ұзындығы 19 см, ені 12 см, биіктігі 3 см ашық қорапты дайындау үшін қандай өлшемдегі картон қағазды алу керек?


№3. Неліктен ABCD және ODFE тіктөртбұрыштарының аудандары тең болады? (сурет)



№4. Тіктөртбұрыш пен шаршы – тең шамалас фигуралар. Тіктөртбұрыштың ұзындығы 15 см, ал ені оның тоғыздан бір бөлігіне тең болса, онда шаршының қабырғасының ұзындығын табыңыз.

№5. Тіктөртбұрышты параллелепипед пен текше – тең шамалас фигуралар (олардың көлемдері бірдей). Текше қабырғасының ұзындығы 2 см. Тіктөртбұрышты параллелепипедтің натурал сандармен өрнектелетін ұзындығы, ені және биіктігін табыңыз.

№6.



- 1) ABCD шаршысының AC және BD диагоналдарының ұзындығын табыңыз.
- 2) Кестені толтырыңыз.

AD қабырғасының ұзындығы	0,8 см	3 дм	$\frac{5}{7}$ дм	$1\frac{2}{3}$ дм	3,4 см
Текшенің көлемі					
ABCD төртбұрышының ауданы					

№7. Егер ABCD шаршысының қабырғасының ұзындығы 3,5 см. MKFE тіктөртбұрышының ұзындығы 3,5 см және ені 1,3 см болса, ABC және MKF үшбұрышының ауданын табыңыз (сурет).

